



**АСТАНА**

**АҚШАМЫ**

## **ЖОЛДАСБЕКОВ ЖҰЛДЫЗЫ**

**Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, академик Мырзатай Жолдасбеков халық ақыны, әйгілі әнші, композитор Кенен Әзірбаевтың көзін көріп, батасын алғаны баршамызға белгілі. Ғалымның ақын өмірі мен шығармашылығын зерттеудегі еңбегі де ұшан-теңіз. Кененнің әндері түгіл, күйлерінің жалпақ жұртқа жетуіне өлшеусіз үлес қосқан бірден-бір тұлға да Мырзатай Жолдасбеков. Екеуі 1964 жылдан бастап Кенен дүниеден өткенше шығармашылық байланыста болды.**

Ғалымның естелігіне жүгінсек, сол жылы сексеннің сегізіншісіне шыққан Кенен ұлы Бақытжанды оқуға түсіру үшін С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне келіп, өзінің:

Тай үйреттім тепсеңге,  
Келдім биыл сексенге.  
Екі Кенен тумайды

Алатауға ексеңде, – деген әйгілі әнін салып берген. Ол уақытта Мырзатай Жолдасбеков 27 жастағы жарқылдап тұрған жігіт еді. Ал биыл Кененнің, басқа да алыптарымыздың батасымен көгерген ер өзі де 80 жасқа толып отыр.

Осыған орай, ағымдағы аптаның басынан бері Қазақ елі, әрісі біртұтас түркі әлеміне қадірлі тұлғаның мерейтойы Астанада кеңінен тойлануда. Алдымен «Хабар» телеарнасы түсірген «Мырзатай Жолдасбеков – 80 жас. Алтын арқау» деректі фильмінің тұсауы кесілді. Кеше өткен «Ұлы дала» халықаралық форумында Мырзатай Жолдасбековке түркі әлемі ғылымына сіңірген ерен еңбегі мен бауырлас халықтар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесі үшін алтын медальдар табысталды. Өзі алты жыл басқарған Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті де жоғары оқу орнының қалыптасуына ерен еңбек сіңірген тұлғаның мерейтойына арнап «Түркі әлемі және халықаралық байланыстар: тарих, тұлға, келешек» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырды.

ҚР Ұлттық мұрағатының қорын қалыптастырушы да Мырзатай Жолдасбеков десек, артық айтқандай болмас. Осыдан тура он жыл бұрын, осындай мамыражай мамыр айында өзінің өмірі мен шығармашылығына қатысты құжаттарды, фотосуреттерді, басқа да еңбектерді мұрағатқа алғашқылардың бірі болып тапсырды. Тұлғаның жеке қоры жылдан-жылға толығып, қазіргі таңда құжаттар саны 5 мыңнан асты. Ұлттық мұрағат та Мырзатай Жолдасбековтің мерейтойына арнап «Асылдардың алтын көпірі» атты кеш пен «Тұғыры биік тұлға» деп аталатын құжаттық көрмені өткізді.



Ата-анасының, өзінің әр жылдардағы суреттері, 1954 жылғы 23 маусымда берілген кәмелеттік аттестаты, Кенен Әзірбаев туралы «Социалистік Қазақстан» газетіне шыққан «Дүлдүл ақын, бұлбұл әнші» атты және осыдан тура 45 жыл бұрын, 1972 жылдың 5 мамырында, «Лениншіл жаста» жарияланған «Жыр алыбының жан серігі» мақалалары, академиктің кітаптары, қолжазбалары, Әбділдә Тәжібаев, Әбдіжәмил Нұрпейісов, Ғафу Қайырбеков, Сайын Мұратбеков сынды ақын-жазушылардың ғалымға жазған хаттары, драмалық шығармалар мен көркем фильмдерінің сценарийлері болып жалғасатын көрмені аралап, Мырзатай Жолдасбековтің балалық шағынан бастап осы күндерге дейінгі өмір жолына сапар шеккендей болдық.

Мерейтой иесінің әртүрлі қызметтерді атқара жүріп, тәуелсіз Қазақстанның саяси және рухани тұрғыдан қалыптасуына сіңірген еңбегі орасан. Алдымен сөз алған ҚР Парламенті Сенатының депутаты Жабал Ерғалиев осыны атап өтті.

«Бүгінгі қазақ руханиятының көшбасшысы, қайнар бұлағы болып отырған өзіңіз екендігін бүкіл қазақ қоғамы әлдеқашан мойындады. Өз халқыңыздың жан дүниесіне, тарихына, әдебиетіне, өнеріне сүйіспеншілігіңіздің арқасында Мырза аға атанып, еліңіздің төрінде отырсыз. Руханиятымыздың жоқшысы,

соның толықтырушысы, тірі шежірешісі секілді бай мұрамызды бүгінгі және келер ұрпаққа жеткізушісіз. Елбасымыздың қасында жүріп, ата-бабаларымыз армандап кеткен тәуелсіз Қазақстанның көк туын көтердіңіз. Мемлекет қайраткері ретіндегі еңбегіңізді жақсы білеміз. Мәңгілік ел болуды мұрат етіп отырған Президентіміздің саясатын жүзеге асырып келе жатқан көрнекті қайраткерсіз» деді сенатор.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Бекболат Тілеухан Мырзатай Жолдасбековтің тәуелсіздігіміздің елең-алаңындағы еңбегін жаңғыртты. Жастарға көрсеткен қамқорлығын сөз етті.



«Ақынның жақсысы, әншінің жақсысы, ғалымның жақсысы сіздің қасыңызға топтасады. Кейбір маңайына жылу шашатын нұрлы адамдар болады. Сіз сондай азаматсыз. Қанаттас достарым – Секен Тұрысбековтің, Сәуле Жанпейісованың, Айгүл Үлкенбаеваның, ақындардың арасында Мәлс Қосымбаевтың, Мұхамеджан Тазабековтің, өзімнің де өнердегі табыстарыма үлес қостыңыз. Дауысыңыздың әуезіндегі қамқорлықтың өзі адамның жанына жылы шуақ құяды» деген депутат ҚР Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының құрметті президенті Қайрат Сатыбалдыұлының сыйсыяпатын тапсырды. Ұлы Абайдың «Есінде бар ма жас күнің?» және Жәнібек Кәрменовтің «Ойламаңдар, жігіттер» әндерін тамылжыта шырқады.

Ағаның қамқорлығы демекші, ҚР Білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысы Арын Орсариев «Болашақ» бағдарламасымен оқып келіп, жұмыс таба алмай жүргенде Мырзатай Жолдасбеков кезінде өзі басқарған Дипломатиялық академияға жұмысқа алғанын айтып, министр Ерлан Сағадиевтің құттықтау хатын оқып беріп, мерейтой иесінің иығына шапан жапты. Осындай құрметті ҚР Ұлттық мұрағаты ұжымы да көрсетті.

Мырзатай Жолдасбеков туралы «Ақ жол» атты деректі фильм көрсетілді. Белгілі ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлы арнауын оқып берді. Қырғызстаннан арнайы келген Т.Сатылғанов атындағы филармония әншісі Амантай Құтманәлиев жыр толғады. Ардақ Балажанова Мырзатай Жолдасбековтің анасы Қалдыгүлдің «Бедел-ай, бөпем-ай» әніне және әнші Жазгүл Даңылбаева Кененнің «Мырзатайға» атты әнін салды.

**Аманғаш ҚАЛЖАНОВ**